

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Көсембай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауының ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Көсембай ауылы
2024жыл

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1. Білім беру ұйымының казакша атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Көсембай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Орысша атауы: Коммунальное государственное учреждение «Көсембайская основная школа» государственного учреждения «Отдел образования Уилского района Управления образования Актюбинской области»

2. Мекеменің орналасқан жері: 030901, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қайыңды ауылдық округі, Көсембай ауылы, Орталық көшесі, №6

3. Байланыс деректері: Тел – факс: 8–71332 74-1-42

Электронды адресі: kosembai1993@mail.kz

Сайд: <https://kosembai.uil-roo.edu.kz/>

4. Мектеп директоры: Елғондина Дина Майлығалиевна . Байланыс телефоны :87786923005.

2021 жылдың 02 ақпанында Ойыл ауданының білім бөлімінің № 51 бұйрығымен «Көсембай негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесіне директор қызметіне тағайындалды.

5. 2021 жылғы қаңтар айының 12-де Ақтөбе облысының әділет департаменті Ойыл ауданаралық әділет басқармасынан берілген №970540001784 анықтама.

6. Рұқсат беру құжаттары: 2021 жылы 09 маусым «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі берген сериясы KZ53LAA00031257 мемлекеттік лицензия (бастауыш, негізгі орта, және жалпы білім беру қызметімен) бар. Мемлекеттік лицензияның қолдану мерзімі – шектеусіз.

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қайыңды селолық округі әкімінің 2014 жылғы 17 сәуірдегі №5 шешімі негізінде (тіркеу күні 25.07.2014) тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің аланы-1,1567 га) кадастрлық номері: 02-032-007-250.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Көсембай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Мектеп ғимараты	1993 жылы салынған
сыйымдылығы	80
Жалпы ауданы:	638,3 м ²
Ғимарат аумағы:	м ²
қабаттылығы	Бір-этажды
Жылу жүйесінің түрі	Төк
Сумен қамтамасыз етілуі	орталықтандырылған
Білім беру тілі	Қазақ
Педагог кадрлар саны	22
кітапханшы	1
МАД тәрбиешісі	1
Шағын орталық тәрбиешісі	1
Шарушылық басшысы	1
Іс-қағаз жүргізуші	1
Техникалық персонал саны	18
Сынып бөлмелерінің саны	8
Оқу шеберханасы	0
Жаңа үлгідегі кабинет саны	3(информатика ,физика,химия)
Интерактивті тақта	2
Панелді тақта	2

Мектептің жұмыс уақыты	Жұмыстың басталуы: 7:45 мин Жұмыстың аяқталуы: 19:30 мин
Ауысым саны	2

«Көсембай негізгі мектебі» мемлекеттік мекемесі «Білім туралы» Заңында көрсетілген тәртіппен мемлекеттік аттестациядан соңғы рет 2014 жылы 14 ақпан айында өтті. Қазіргі таңда 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары зерделенді.

9-тармақ. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ЮЖ) талаптарына сәйкестігі;

Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектепалды сыныбында аптасына 5 күншік жұмыс жасайтынын, мектепалды сыныбында 1 топ жинақталғанын, тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 ағымдағы оқу жылдарында 1 мектепалды сыныбы қамтылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес жасалған және бекітілген. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына және ағымдағы 2023-2024 оқу жылының жұмыстық оқу жоспарлары бекітіліп, талапқа сай ұсынылған. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестелері талапқа сай құрылып, бекітілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 4-тармағы 3) тармақша, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы 1,2,3-қосымшаға сәйкес келеді.

2. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 ағымдағы оқу жылында аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды. Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Мектепалды сыныбының мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды. Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсат пен міндеттерге жеткен. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. 2022-2023 оқу жылының қазан айынан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30183 болып тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) жүзеге асырылды.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы іріктіру жолымен іске асыруда. Перспективалық жоспарды педагогтер оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың (өткен екі оқу жылы бойынша) негізінде стандарт бойынша құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауда талапқа сай қарастырылған. Өткен оқу жылдарында перспективалық жоспар құру барысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, перспективалық жоспар жасақталып, педагогикалық кеңес шешімімен бекітілген. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хаттар басшылыққа алынған. Тәрбиешілер ұжым тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық күзиреттілік танытқан. Циклограммада санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жасақталып бекітілген. Циклограммада қабылдау, танертеңгілік қабылдау, танертеңгілік жаттығу, балалар әрекеттері т.б. міндеттер, мазмұны және ұзақтығы анықталған. Әр топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы қауіпсіз, қолжетімді орналасқан, әртүрлі, мазмұнды, өзгермелі талаптар сақталған. Шағын орталық тобы қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін танымдық ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, құрастыруға арналған жинақтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, мектепалды тобы сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, альбомдар, суреттер мен карточкалармен жабдықталған. Жас ерекшеліктеріне сай үлгілер, сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық, көгаландыру бұрыштары бар. Балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма әр аптаға құрастырылған, педагогтер жүзеге асырған. 2022-2023 ағымдағы оқу жылында Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалуы керек. Аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалар мен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және

өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескере отырып, циклограмма жоспарланған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша, 2-тарау, 4-тармағы, 4) тармақшасына, 16 – тармағы, 1,4,5 тармақшасына сәйкес келеді.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сақтау;

Талдау нәтижелері: Мектепалды топ 1 топпен балаларды қамтыған. Мектепалды сыныбы жарты күн болу тәртібімен жұмыс жасауда. 2021-2022 оқу жылында мектепалды сыныбында 8 бала білім алса, 2022-2023 оқу жылында мектепалды сыныбында 1 топта 10 бала білім алған. 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныбында 1 топта 8 бала білім алуда. Тәрбиелеу мен оқытуды дамыту модулін іске асыру мақсатында әр баланың жеке қабілетін, қажеттілігін ескере отырып, мектепте қауіпсіз білім беру ортасы әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Топтарында кеңістік-пәндік органы дайындау мақсатында тақырыптық стендтер жасақталған. «Денсаулық бұрышы», «Табиғат бұрышы», «Ата-аналар, сіздер үшін» атты бұрыштар, стендтер, буклеттер, папкілер бар.

Педагогтер балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік берілген. Серуендерді, гимнастиканы (таңертеңгі, саусақ, т.б.), ойындарды (дамытушы, сюжеттік-рөлдік, кимылды ойындары және т.б.) ұйымдастыру үшін түрлі картотекалар қолданылды. Оқу іс әрекеттері балаларға қызықты ойын ретінде (мысалы, логикалық ойындар, саяхат сабақ т.б.) ұйымдастырылып, барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге дағдыланып келеді. Монтессори технологиясының элементтерін, фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында алма ағашына алмаларды орналастыру, сылдырмақтар және т.б. үзіліс уақытында қолдану ұйымдастырып отырғаны анықталды.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында Шағын орталықта "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" арнаулы орта білімді, біліктілік курсынан өткен 1 педагог жұмыс істейді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 4-тармағы 2) тармақшаға сәйкес келеді.

4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Талдау нәтижелері: Оқу жылында оқыту нәтижелерінде алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылған. Жеке даму карта әрбір балаға 5 білім беру саласы бойынша жасалған. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытына жүргізілген. Мектепалды даярлық тобының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының бала даму мониторингісінің бастапқы, қорытынды жиынтық есебі ұсынылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1-қосымшасы 2-тармақ 10-тармақшасына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 3-тармағы 5-тармақшасына сәйкес келеді.

5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;
Талдау нәтижелері: Өзін-өзі бағалау кезінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы) ұйымдастыру және жүргізу, яғни тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің

(бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау бойынша ақпарат жинақталып, интернет-ресурсқа орналастырылды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 5-тармағына сәйкес келеді.

6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау:

Талдау нәтижелері: мектептегі мектепалды тобын зерттеуге ұсынылған құжаттарды көрсеткендей, балалардың құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыруды ескере отырып, әр-түрлі іс-шараларға қатыстыруда бақыланатын кезең аралығында мектепалды сынып тәрбиеленушілері күндізгі немесе қашықтықтан өткен аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық зияткерлік конкурстардың және көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің болғандығы анықталды. Мектепте оқу білім бағдарламасында негізгі білім басқышынан бастау алатын мектеп алды дайындық тобының маңылы ерекше. Мектебімізде мектеп алды дайындық тобының оқыту білім нәтижелері әр оқу жылында сараланып қорытындыланып отырады.

2021-2022 оқу жылында Республикалық «Біз галактика балаларымыз» мәнерлеп оқудан І дәрежелі диплом Сисенов Бердібек

Республикалық «Біз галактика балаларымыз» аппликация жұмысынан І дәрежелі диплом Төлеген Сағыныш

2022-2023 оқу жылында республикалық «Ілияс оқулары» қатысып Арман Райна І орын, Болатова Асылзат І- орын, Серікқызы Альфия І- орынға ие болды.

«Абай оқулары байқауына қатысып Амандыққызы Райна І орын, Серікбай Жанәділ І орын алды.

«Бояулар құпиясынан «Жас суретшілер байқауынан» Базар Әділхан, Төлеген Тәуекел І-орын алды.

2023-2024 оқу жылында республикалық М. Жұмабайұлының мәнерлеп оқудан Абдолов Д., Есентұрлы К., Канат Е., Майданов И. Байқауға қатысып жеңімпаз атанғаны үшін алғыс хат.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 17-тармағына сәйкес келеді.

2023-2024 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымша 5-тармағына сәйкес келеді.

10-тармақ. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижелері: Талдауға ұсынылған өткен оқу жылдарындағы 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы құжаттарды зерделеу барысында ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары жасалған. Жоспарға сәйкес циклограмма әзірленген.

Перспективалық жоспар мен циклограмма бойынша ұйымдастырылған оқу қызметіндегі оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған. Мектепалды даярлық сыныбында (5 жастан бастап):

Білім беру салалары	Оқу жылдар
	2021-2022
«Денсаулық»	99
«Қиынас»	165
«Таным»	82,5

«Шығармашылық»	165,
«Әлеумет»	49,5
Инвариант жоғары көлемі	33 x17=561
вариативтік компонент	33x3= 99
Барлығы	33x20= 660

2022-2023 оқу жылында Дене шынықтыру-105, сөйлеуді дамыту-70, көркем әдебиет-70, қазақ тілі-70, сауат ашу негіздері-105, математика негіздері-105, жоршаған ортамен таныстыру-70, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру- 35, музыка-70 сағат құрап, ең жоғары көлемі 35 оқу аптасына 700 сағат құрап отыр.

2023-2024 оқу жылында Дене шынықтыру-105, сөйлеуді дамыту-70, көркем әдебиет-70, қазақ тілі-70, сауат ашу негіздері-105, математика негіздері-105, жоршаған ортамен таныстыру-70, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру- 35, музыка-70 сағат құрап, ең жоғары көлемі 35 оқу аптасына 700 сағат құрап отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 22-тармағына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы 2, 3 қосымшаларына сәйкес келеді.

11-тармақ. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Талдау нәтижелері: Балалар білім беру ұйымына 5 жаста мектепалды тобы бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. Бақыланатын кезең аралығындағы оқу жылдарында мектепалды сыныбы жинақталған. 2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық -8 бала, 2022-2023 оқу жылында -10 бала, 2023-2024 оқу жылында -8 бала білім алған. Балалар тізімі жасалып бекітілген.

Мектепке дейінгі жас – 4-5 жастағы балалар қамтылған. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. Білім беру ұйымында топтарды жинақтау барысында балалардың жас ерекшелігі сақталған. Оқу жылдарында топтарда балалардың жас кезеңділігі бойынша жинақтау жұмыстары жүргізілген. Топтар жас кезеңдерімен іріктелген, жас ерекшелігі сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 24, 25-тармағына сәйкес келеді.

Талдау нәтижелері: Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылған. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі – 5 жыл. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын менгеру мерзімі сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 26-тармағына сәйкес келеді.

6. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022– 2023, 2023 - 2024 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыны оқыту ұйымдастырылған.

Оқушылар саны	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Үйден оқитын оқушы саны	0	0	0
ЕББҚО оқушылар саны	1	1	1

2021-2022 оқу жылында №1 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде 1 оқушы инклюзивті білім алушы болып тіркелді. Денсаулық жағдайына байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығының 19-қосымшасы негізінде апталық жүктемелері беріліп, бұйрық шығарылып, жеке бағдарламамен оқытылған.

2022-2023 оқу жылында 1 оқушы №1 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде инклюзивті білім алушы қатарында.

2023-2024 Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы және «Ақтөбе облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №25691. 08.06.2023 жылғы берілген дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысымен 05.11.2008 жылы туған 8-класс оқушысы Даулетов Данабек ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша жеке бағдарламамен оқыту ұйымдастырылады.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 4-тарау 55-тармаққа сәйкес келеді.

7.ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру:

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілді. Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілді. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті орындалған.

2021-2022 оқу жылында 13 сағат, 2022 – 2023 оқу жылында 7 сағат, 2023 – 2024 оқу жылында 8 сағат апталық жүктеме вариативтік компонент жүзеге асырылды. Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты, балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 6,7-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 18,19-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31,32-тармаққа сәйкес келеді.

10.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері ұсынылды. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын қызметі үшін оқу жұмыс жоспары 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрықпен бекітілген үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейнделері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтер жөнінде ақпарат ұсынылған.

Білімі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық мұғалім саны	Білімі		Пән мұғалімдері	білімі		Кітапханашы	білімі		Тәлімгер	білім		МАД тәжірибелісі	білімі	
		жоғ	арн		жоғ	арн		жоғ	арн		жоғ	арн		Жоғары	аппраулы
2021-2022	24	1	6	22	16	6	1	1	0	0	0	1	1	0	
2022-2023	22	2	1	20	19	1	1	1	0	0	0	1	1	0	
2023-2024	22	2	2	20	18	2	1	1	0	0	0	1	1	0	

Мамандар толық жеткілікті емес, медициналық тексерістен өтті, сотталмаған.

2021-2022 оқу жылының екінші жарты жылдығында музыка пәнінің мұғалімі отбасылық жағдайына байланысты қоныс аударды. Сол себепті музыка пәні, «Вокаль» үйірмесі-(0,5 ст.), шағын орталықтағы 0,25 музыкасы ваканцияға қойылды.

Информатика пәнінен кадр жоқ болуына байланысты мектептегі математика пәні мұғалімі Нурғалиев Есмұханның екінші арнаулы орта дипломы (информатика пәні мұғалімі) болғандықтан информатика пәнінің сағаттары осы педагогқа жүктелді.

2022 жылдың 06- қарашасындағы аудандық білім бөлімінің №805 бұйрығына сәйкес өндірістік қажеттілікке байланысты Ә. Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің физика пәні мұғалімі Бегалина Айша Берікқызы Көсембай негізгі мектебіне уақытша физика пәні мұғалімі болып тағайындалды.

Орыс тілі пәнінен өндірістік қажеттілікке байланысты бастауыш сынып мұғалімі Жанар Султанғалиеваның орыс тілінен дипломы болғандықтан 5-6 сыныптардың орыс тілі пәні жүктелді. Бастауыш сыныптағы сағаттары толық болғандықтан 7-9 сыныптардағы орыс тілі пәнінің сағаттары ваканцияға қойылды.

НЕГІЗДЕМЕ: Екі жақты келісім шарты бойынша физика пәнінің мұғалімі Бағалина Айша Берікқызы 2024 жылдың бірінші наурызынан бастап №151 бұйрық бойынша уақытша физика пәнінің мұғалімі болып тағайындалды.

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің үлесі бойынша 2021-2022 оқу жылында барлығы 24 педагогтің педагог-шебер санаты бар –1, педагог зерттеуші -6, педагог-сарапшы –4 педагог модератор – 8, жоғарғы санатты мұғалім –0, педагог қызметкерлердің 45,8% құрайды. Мектеп директоры мен оқу ісі жөніндегі орынбасарының басшылықтағы лауазымының еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан басшылық санатына тапсырған жоқ. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 2022 жылы "үшінші санаттағы басшының орынбасары" санатына өтті. Басшылардың біліктілік санатының деңгейін көтеруі -33,3 %.

санаттар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Барлық мұғалімдер саны	24	22	22
«Педагог-шебер»	0	1	1
«педагог-зерттеуші»	7	6	6
«Педагог-сарапшы»	4	4	3
«педагог-модератор»	10	8	8
Жоғарғы санатты	0	0	0
I санатты	0	0	0
II санатты	1	1	0
Санатсыз	3	3	3

5 жыл стажы жоқ мұғалімдер	2	2	2
Зейнеткер мұғалім	0	0	0
Кітапханашы	1-санатсыз	1-санатсыз	1-санатсыз
тәлімгер	0	0	0

Мектеп басшысы 2021 жылы, ал оның оқу орынбасары 2024 жылы, тәрбие орынбасары 2023 жылы біліктілік арттыру курсынан өткен (100%). Мектептегі барлық мұғалім үш жылдағы біліктілік курсынан уақытылы өткен. 7-қосымша кестесі толтырылып және қажетті құжаттарға мектеп директорының қолы қойылып мөрленіп сайда орналастырылды.

Оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы туралы мәліметтер толық ұсынылған, мысалы 12 қосымшаға сәйкес мәліметтер бойынша барлық сыныптар оқулықпен қамтамасыз етілген. Оқу әдістемелік, көркем, ғылыми әдебиеттер саны – 4262 дана.

Білім беру ұйымының медициналық қызметке лицензиясының болуы туралы мәліметтер бар, лицензия № 10644DD Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы, Ақтөбе облысының әкімшілігі 12.11.2019 болып берілген. Медициналық кабинет жалға берілген, мүлікті жалға беру туралы шарттың мерзімі -2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Мектеп асханасы "Әліп Күлжамалға" жалға берілген.

2010 жылы мектепке өрттен сақтандыру дабыл қаққышы қондырылды. 2023 жылы қайта жаңартылды. Әлеуметтік-тұрмыстық санитарлық тораптар бар, оның ішінде унитаздар саны - 3, қол жуғыштар - 1. Білім беру ұйымының үй-жайлары мен іргелес жатқан аумағына 2020 жылы 8 камера қондырылды (сыртта -4, іште-4). Монитор -1, бақылау орны-1.

Ішкі дәретхана жұмыс жасайды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған мектеп кіре берісінде пандус орнатылды. Санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау мақсатында дене қызуын өлшейтін электрондық құралдар бар.

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер: Мектеп 80 орындық, 1 қабатты типтік жобала салынған, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қайыңды ауылдық округі, Көсембай ауылы, Орталық көшесі №6 ғимарат орналасқан, мектеп ғимараты 1993 жылы Ғимараттардың жұмыс алаңы құрайды. Жалпы 8 кабинет бар.

Олардың ішінде паспортталғаны физика кабинеті –1, химия кабинеті – 1, информатика кабинеті – 1, қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті –1, тарих кабинеті – 1, бастауыш сынып кабинеттері –2, медициналық (пункт) –1, мәжіліс залы –1, спортзал - 1, асхана-1, кітапхана–1,

Пән кабинеттерінің жалпы ауданы:

№	Кабинет атауы	Кабинет нөмірі	Кабинет аумағы
1.	Бастауыш сынып	№4	27,7 м ²
2.	Бастауыш сынып	№7	40,5 м ²
3.	Физика	№2	40,5 м ²
4.	Тарих	№6	41 м ²
5.	Қазақ тілі	№3	40,5 м ²
6.	Информатика	№1	24,6 м ²
7.	Ағылшын тілі	№8	24,4 м ²
8.	Химия	№5	41 м ²

. Мектепке 2008 жылы физика кабинеті (құны- 3000000тенгеге), 2011 жылы химия кабинеті (құны – 4990000 тенге), 2023 жылы физика(құны – 2199999,2), 2023 жылы химия кабинеті (құны- 2215419,36) берілді. . Компьютерлік сыныптар саны - 1, 21 дана оқушылар қолданатын және 1 дана мұғалімге арналған компьютермен, 1 интер тақтамен қамтылған. Компьютерлер интернет желісіне қосылған. Мектеп спортзалының жалпы алаңы - 66,6 м² Психолог-9,8м² медициналық кабинет-10,7м², актзал-38,5м²

Түрі көрсетілген техникалық оқыту құралдарының, оқу және оқу-зертханалық жабдықтардың тізбесі әдістемелік ұсынымның 9 – қосымшасы бойынша мәліметтер ұсынылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 27-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 39-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 29-тармаққа сәйкес келеді.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Көсембай негізгі мектебінде 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Өдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл ауданылық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған.

2021-2022 оқу жылында 9 сынып жұмыс жасады. 9- сынып жиынтығында барлығы 63 бала білім алды. Сынып жетекшілерінің жеке қабілеттеріне қарай сегіз бағытты бөліп жоспарлау, жылына 34- сағат болса, 8 бағыт кем дегенде үш реттен бөлінді. Аптасына бір рет өткізілетін тәрбие сағаттары белгілі бір бағытқа ал, апталықтар белгілі бір күнге мемлекеттік мерекелерге арналды. Сондай-ақ мектептен тыс мекемелер істеріне қатысу мен рейдтер, байқаулар, жарыстар өткізу болды.

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспарына, айлықтардың, мемлекеттік және ұлттық мерекелердің, атаулы күндер мен каникул күндерінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуі негізінде патриоттық сананы қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпы адамзаттық қасиеттердің негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру міндеттері жүзеге асырылды.

Жоспар бойынша келесі бөлімдер қамтылды:

Мектеп жұмысы тәрбие жұмысының орталығы ретінде: жалпы іс-шаралар:

2. «Жасұлан мен жасөспірімдер» ұйымы, үйірме жұмыстары;
3. Мектептен тыс ұйымдармен жұмыс;
4. Ата-аналармен жұмыс;
5. Сынып жетекшілердің жұмысы;
6. Психологпен жұмыс;
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс.
8. Мектепшілік басқару мен бақылау

Мектебімізде өткізген дәстүрлі мерекелік іс-шаралар:

Білім күні мерекесіне арналған іс – шаралар жоспары Білім күні салтанатты жанын, «Кел, балалр, оқылық!», «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыптарында алғашқы сабақтар өтті.



1-қазан "Қарттарым-асыл қазынам" тақырыбында Көсембай негізгі мектебінде қарттарға арналған мерекелік бағдарлама өтілді.

https://www.instagram.com/p/CUmsbFsg5xX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



Ұстаздар мерекесіне орай мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен «Ұстаздар-болашақтың жаршысындар» тақырыбында мерекелік шара, «Ұстазға тілек» тақырыбында мектеп бітірген түлектердің мұғалімдерге арналған құттықтау бейнероликтері мектептің инста парақшасына жарияланып, 1-9-сынып оқушылары құттықтау жар газеттері шығарылып, дублер күні ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланды.

https://www.instagram.com/p/CUon2hmoeac/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/CUmtgRtAAWv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/CUaYf3IAmpn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/CUebSWJszQ2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Тәуелсіздік-мемлекеттік тіл тірегі» Тілдер мерекесіне байланысты шаралар өткізілді. «Тілім мені» атты интеллектуалды ойыны өткізілді.



2021 жылдың 30 қараша күні Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент күніне орай өткізілген іс-шаралар: 1 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша әзірленген іс-шара жоспары аясында Көсембай негізгі мектебінде 7-сыныпта жетекшісі: А.Сафина ұйымдастыруымен ҚР Президентінің

музейіне онлайн саихат жасады.

https://www.instagram.com/p/CW3bSNWgbBP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша әзірленген іс-шара жоспары аясында барлық сыныптарда сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен "Елбасы салған сара жол" тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді.

<https://www.instagram.com/p/CW3biBNA->

[/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CW3biBNA-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

https://www.instagram.com/p/CW3bQGRglPE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

https://www.instagram.com/p/CW3b-LuggFH/?utm_source=ig_web_copy_link

Тұңғыш Президент күні мерекесіне "Ғасырдың керемет азаматы" тақырыбында көрме ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды.

<https://www.instagram.com/p/CW3cj->

[Vgc9C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CW3cj-Vgc9C/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)



Жас ұрпақты өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеуге, адамгершілік сезімдерін қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, ел мен жердің қадір – қасиетін ұғындыруға тәрбиелеу мақсатында мектебімізде Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Осы жоспар аясында біршама іс-шаралар атқарылды. Атап айтқанда,

Сынып сағаттарының мақсаты- оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу болды. 1-9- сынып жетекшілері «Біз Тәуелсіз елдің болашағымыз» атты бірыңғай ашық тәрбие сағаттарын өткізді. 13 желтоқсан күні «Мен бақытты ұланмын» тақырыбында мектепшілік «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынды мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, ардагер ұстаздар, тәжірибелі мұғалімдер ұйымға жанандан қабылданған оқушыларға галстук пен төсбелгіні тақты. Ұйым мүшелері анттарын айтып, ережелерімен таныстырып, гимнін айтып ұйымға қабылданды. Салтанатты жиынға «Жас ұлан» ұйымы мүшелері өз флешмобтарын тарту етті.

1-наурыз алғыс айту күніне орай 1-9-сыныптарда АЛҒЫС АЙТУ ПАРЫЗЫМ... тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаты өтілді.



https://www.instagram.com/p/CahPCK_Ae7-

[/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CahPCK_Ae7-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

Алғыс айту күніне орай мектеп дәлізіне алғыс жөшігі орналастырылды. Алғыс жөшігіне мектеп оқушылары ұстаздары, ата-аналары, достарына арналған алғыс тілектерін жазып салып, хаттар иелеріне таратылды.

https://www.instagram.com/p/Cajx5GHAD8a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



8-наурыз мерекесі қарсаңында Көсембай негізгі мектебінің 7-8-9-сынып оқушылары "Ана деген теңдесі жоқ ұлылық" тақырыбында ауылымыздағы көп бала тәрбиелеп отырған, өнеі отбасылардың аналары Қаламтыр ана, Жанат ана, Жайнагүл анамен кездесіп түрлі сауалдарға жауап алды. Өткізген: психолог Р.Шугенова

https://www.instagram.com/p/Ca4QaQOASNr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Сонымен қоса барлық сыныптарда аналар мерекесіне арналған бірінші тәрбие сағаттары өтті.

"Көрісу айт - ынтымақ пен берекенің бастауы" - атты бірінші тәрбие сағаттары 1-9-сыныптар арасында өтті.



https://www.instagram.com/p/CbFvTtdAm47/?utm_source=ig_web_copy_link

Наурыз мерекесіне орай "Жеті атанды білесің бе?" атты дөңгелек үстел өтті. Мақсаты өз халқымыздың салт - дәстүрлерінен үлгі алу арқылы жеті атасын білуге үйрету. "Жеті ата дәстүрін білеміз бе?, Жеті ата ұғымы нені білдіреді?, Ата- бабамыздың жеті атаны үйретудегі мақсаты не?", сынды сұрақтармен ой бөлісіп, жауап іздедік. Бірнеше оқушы өздерінің жеті атасын таратып айтып берді. Жеті атаның шығу тарихы, аңыз әңгімелер айтылып қосымша материалдармен ой бөлісті.

https://www.instagram.com/p/CbIJgw4gKfu/?utm_source=ig_web_copy_link

Сонымен бірге «Аталардың ақ батасы» тақырыбында аталар арасында бата беру челленджі ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CbIK1vTAIHw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

1-мамыр ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІНЕ орай 1-9-сыныптар арасында БІРЛІК САБАҚТАРЫ өтті.

https://www.instagram.com/p/Cc4hmJeosrD/?utm_source=ig_web_copy_link

7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай "ЕР ЖІПТ - ЕЛ ҚОРҒАНЫ" тақырыбында кітапханашы: Б.Калиева көрме ұйымдастырып, 1-4-сынып оқушыларына таныстырылды.

https://www.instagram.com/p/Cc7yn1CsqC4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

"АТАЛАР ЕРЛІГІ - ҰРПАҚКА ҰРАН" тақырыбында 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне, 9-мамыр Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай 1-9-сыныптарда тәрбие сағаттары өтті.

МАҚСАТЫ: Ұлы Отан соғысы, оның зардаптарын түсіндіру, Ұлы Жеңіс туралы мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, соғыстан оралған ардагерлердің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/CdGOfv2M7PQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

https://www.instagram.com/p/CdGOe8MsDvp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

https://www.instagram.com/p/CdGNRczMa1r/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



"ЕРЕН ЕРЛІКТЕР- ЕЛ ЕСІНДЕ" тақырыбында 5-8-сыныптар арасында көркем сөз оқу байқауы өтті. Байқау нәтижесі

бойынша 1- орынға 7-сынып оқушысы Бөкенбай Эльмира, 2-орынға 5-сынып оқушысы Бөкенбай Бекарыс, 3- орынға 5-сынып оқушысы Сисенов Бейбарыс. Алғыс хат 7-сынып оқушысы Серікбай Назерке мақтау қағаздарымен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CdGbykzgg_r/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

"ҰРАНДЫ ЕЛДІҢ - ҰРПАҒЫ ҚАЙСАР" тақырыбында 1-8-сынып оқушылары арасында патриоттық әндер байқауы өтті.

https://www.instagram.com/p/CdKGMbJof-Z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

1-маусым балалар күніне орай "БАР МЕЙІРІМ БАЛАЛАРҒА" тақырыбында "Балдырған" жазғы демалыс лагерінің ашылуына мерекелік шара ұйымдастырылды. Аталған шара барысында оқушылар ән айтып, би билеп өнер көрсетіп, түрлі ойындар ұйымдастырылды. Шара соңында барлық оқушыларға балмұздақтар таратылды.

https://www.instagram.com/p/CeQLfDpgzO6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған жұмыстар:



Патриотизм қоршаған әлемнің табиғатына, туған жері, үйі мен көшесіне ұқыпты қарау және аға ұрпақты сыйлау, өз халқының отбасының дәстүрлері мен тарихын қадірлеу арқылы көрінеді. Мұның бәрін ерте жастан бастап әдептілікке тәрбиелеу болып саналады. Осы мақсатта Көсембай негізгі мектебінде класс сағатын өткізу тұжырымдамасы аясында 1-9-класста "Менің әлемім-сұлулық пен мейірімділік әлемі" тақырыбында бірінші тәрбие өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CU5DCopLED/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

https://www.instagram.com/p/CU5ZmPugOLE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

https://www.instagram.com/p/CU5K08gomCM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

https://www.instagram.com/p/CU6kVLwIZaN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



25-қазан күні "Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбы аясында мектеп психологы Р.Шутенова ата-аналармен "Отбасындағы зорлық зомбылыққа жол жоқ"-тақырыбында дөңгелек үстел жұмысын ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/p/CVh6ufRgntp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

Тәлімгер С.Таждауов "Біз әлемді өзгертеміз, зорлық зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады"-тақырыбында эссе байқауын ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/p/CVh5i4Pg0gk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA



"Заң балалық шақтың сақшысы" тақырыбында Қайыңды селолық округінің учаскелік инспекторы Махамбет Абзалұлымен М.Сисенов 7-8-9-сынып оқушылары арасында кездесу ұйымдастырды. Кездесудің мақсаты оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын